

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 1-беті
---	--	--

БЕКІТІЛДІ

«Әбілқас Сағынов
атындағы Қарағанды
техникалық университеті»
КеАҚ Басқарма шешімімен
Басқарма төрағасы Ректор
С. Сагинтаева



**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ҚАҒИДА**

ІҚЕ V-12-2025

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 2-беті
---	--	--

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Жалпы қағидалар	3
3 Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері	3
4 Ғылыми-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері	5
5 Кеңесті сайлау және оның жұмыс тәртібі	5
6 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	6
7 Қолжетімділікті қамтамасыз ету	6
8 Сақтау	6
9 Талдау және өзектендіру	6
10 Өзгерістер енгізу	6
А Қосымшасы Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелерін таныстыру парағы	7
Келісу парағы	8

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 3-беті
---	---	--

1 Қолдану саласы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Ғылыми – әдістемелік кеңес (бұдан әрі – ҒӘК) туралы осы Қағида ҒӘК мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды, Университет факультеттерінде оқу, ғылыми-әдістемелік жұмыстардың сапасын ұйымдастыруға және бақылауға арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылады.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Осы Қағида университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 жылғы № 157 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2.2 ҒӘК өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының ережелерін, Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы), «Тиісті білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.10.2018 ж. №595 Қаулысы), «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын» (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы), нормативтік құжаттарды, университет Жарғысын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ академиялық саясатын және осы Қағиданы басшылыққа алады.

3 Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары

ҒӘК қызметінің негізгі бағыттары:

3.1 Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату және білім беруді ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және бақылау;

3.2 Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың ағымдағы үлгеріміне әсерін талдау;

3.3 Білім алушылардың өздік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуді бақылау;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	КҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 4-беті
---	--	--

3.4 Бейінін, дайындық деңгейі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар контингентін жыл сайын қалыптастыру бойынша жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

3.5 Оқу процесінің оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыру;

3.6 Оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу, ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және енгізу;

3.7 Ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу және олардың нәтижелерін өндіріске, оқу процесіне енгізу;

3.8 Дайындықтың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

3.9 Оқулықтарды, оқу құралдарын сараптау;

3.10 Нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3.11 Оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді автоматтандырылған оқыту жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді, жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) енгізу;

3.12 Инновациялық, жаңа білім беру бағдарламаларын сараптау және енгізу;

3.13 Оқу процесіне виртуалды зертханаларды енгізу;

3.14 Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

3.15 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын сараптау;

3.16 Оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

3.17 Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, вебинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

3.18 Студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмысының мазмұны мен нысанын ұйымдастыру, үйлестіру, талдау.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 5-беті
---	---	--

4 Ғылыми-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері

Ғылыми-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері:

4.1 Университетте басылатын оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа материалдарды басып шығаруды жоспарлау және ұсыну;

4.2 Университетте оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;

4.3 Оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;

4.4 Университеттің оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіру;

4.5 Университетте жаңа технологияларды, әдістерді, оқыту құралдарын енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыруды бақылау;

4.6 Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;

4.7 Білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4.8 Университет қызметкерлерін аттестаттауға қатысу.

5 Ғылыми-әдістемелік кеңесті сайлау және оның жұмысы тәртібі

5.1 ҒӘК алқалы органдарды құру жөніндегі комиссияның шешімі негізінде құрылады.

5.2 ҒӘК-тің құрамы қызметтің мақсаттарына негізделіп анықталады, бірақ жеті мүшеден кем болмауы керек. Мүшелер 1-3 жыл мерзімге сайланады және тақ санды мүшелерден тұруы тиіс.

5.3 ҒӘК-тің дербес құрамы Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.4 ҒӘК-тің төрағасы мен оның орынбасары ҒӘК мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

5.5 Төраға жылына бір рет ҒӘК қызметінің нәтижелері туралы университеттің ҒӘК алдында есеп береді.

5.6 ҒӘК мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

5.7 Кеңестің жұмысы ҒӘК отырысында қабылданған және оның төрағасы бекіткен тиісті кезеңге арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.8 ҒӘК отырыстары Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

5.9 ҒӘК отырысында мәселелерді қарау нәтижелері бойынша қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен ұсыныстар/мақұлдаулар қабылданады, олар хаттамамен ресімделеді. Отырыс хаттамасына және ҒӘК шешімдеріне ҒӘК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.10 ҒӘК, егер оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Мерзімі 2025.09.19 8 беттің 6-беті
---	---	--

саналады.

5.11 ҒӘК әрбір мүшесі кеңестің барлық отырыстарына, оның жұмысына белсенді қатысуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауға тиіс.

6 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы Қағиданы – университет Басқармасы бекітеді.

Осы Қағиданы келісу Сапа жөніндегі басшылықтың өкілімен (СБӨ) жүзеге асырылады және «Келісу парағында» ресімделеді.

Құжатты енгізу күні құжатты бекіту/келісу күні болып есептеледі. Құжат оны бекіткен сәтінен бастап күшіне енеді.

7 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы Қағиданың даналарымен қамтамасыз ету сайтта орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8 Сақтау

Осы Қағиданы сақтау Х-01-22 ҚР сәйкес жүргізіледі.

9 Талдау және өзектендіру

Осы Қағиданы тексеру, талдау және өзектендіру Х-01-22 ҚР сәйкес жүргізіледі.

10 Өзгерістер енгізу

Осы Қағидаға өзгерістер енгізу Х-01-22 ҚР сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Күні 2025.09.19 8 беттің 7-беті
---	--	---

А Қосымшасы
(міндетті)

Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелерін таныстыру парағы

Ф.01-2022

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Профессор	Нұрмашов Б.Р.		
Доктор А.В.	Ибраһимов А.И.		
ҚТ жетекшісінің м.а.	Самашова Т.Е.		
ҚДӨ басшысы	Бекбергенов Т.Е.		
К.М.И.Т.Ф. ЕКС төрағасы	Асанов Н.Ф.		
М.М.Ф. С.Ж.К. төрағасы	Можина В.М.		
АТФ С.Ж.К. төрағасы	Қалжанарова Д.У.		
	Адамшова О.В.		
С.Ж.Ф. С.Ж.К. төрағасы	Дадиева М.К.		
Т.Ж.Ф. С.Ж.К. төрағасы	Ханнинов Р.Р.		
Т.Ж.М.И.С. кадр. даңғалау	Қызырбаев К.Б.		
Т.Ж.И.К.Ф. кадр. профессоры	Портнов В.С.		
Қ.М.И.Т.Ф. кадр. профессоры	Рахымов М.А.		
Оқу-педагогикалық бөлімнің жетекшісі	Ранков А.А.		
А.С.И.Д. жетекшісі	Темірқалиев А.		
Докторант	Жұмабеков А.Т.		
Студент	Тілеу А.Ж.		

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми-әдістемелік кеңес туралы қағида	ІҚЕ V-12-2025 01 нұсқа Күні 2025.09.19 8 беттің 8-беті
---	---	---

Келісу парағы

Φ.02-2022

[illegible]